

12005  
6079к



СК

Дандай ҮСҚАҚҰЛЫ

ӘДЕБИЕТ АЛЫПТАРЫ



**Дандай Үскакұлы**

**Әдебиет альштары**



**Астана 2004**

ББК 83.3 (5 Қаз)

Ы 88

*Казақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің  
багдарламасы бойынша шығарылды.*

**Ысқакұлы Д.**

Ы 88 Әдебиет алыптары. –Астана: “Фолиант”, 2004. – 304 бет.

ISBN 9965-619-43-3

Зерттеуші, сыншы Дандай Үсқакұлының бұл кітабына казақ әдебиетінің өзекті мәсслелерін қарастыратын мақалалары еніп отыр. XIX ғасырда омір сүріп, әдебиет әлемінде өзіндік ерекшеліктерімен жарқырай көрінген алыптарымыздың өмірі мен шығармашылық жолдарына жаңаша көзқараспен шолу жасалады.

Кітап студенттер мен аспиранттарға, әдебиетке немқұрайды қарамайтын қалың қырыман қауымға арналады.

Д — 4603020102  
00(05)-04

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ	ББК 83.3 (5 Қаз)
№ 00000114	

ISBN 9965-619-43-3

© Үсқакұлы Д., 2004  
© “Фолиант”, 2004



## ӘУЛИЕ АҚЫН

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ әдебиеті шарыктай дамып, ренессансстық дәуірді басынан өткерді. Көшпелі өмір мәдениетіне ғана тән жыраулық, ақындық дәстүр жазба әдебиетпен жалғасар тұста қазақ поэзиясының заңғар биігіне айналған ұлы Абайды өмірге әкелді; ғасырлар бойы адам бойындағы ең бір асыл сезім ретінде жырланған отаншылдық, сүйіспеншілік сезімдері Мағжан поэзиясының құдірет күшіне айналды; сайын сахарада сайран құрған қазақ халқының азаттық аңсарлары, басқыншыларға, отаршыларға қарсы жүргізген ұлт-азаттық құресі А.Байтұрсынов бастаған ұлтшылдар әдебиетін туғызды.

Әдебиет – халықтың құлағы, көзі, сезімі. Халыққа батқан ауыртпалықты алдымен оның сезімтал ақындары сезінеді; ұлы Абайдың құніреніп өткені де сондықтан. Халық басына төніп келе жатқан қауіп-қатерді алдымен сезінетін де, одан шығар жолды іздейтін де ақынның сезімтал жүрегі. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ ақындарының барлығы дерлік бодандықта мұлгіген, түрлі ішкі араздықтардан іріп-шіріп бара жатқан қазақ елінің мұндай ауыр жағдайдан шығар бірден-бір жолы – халықты сауаттандырып көзін ашу, сана-сезімін ояту, білім, ғылым, өнер арқылы теңдікке жету деген ағартушы-демократтық бағытта болды. Абай поэзиясының негізгі тақырыбы білім, өнер болуы да сондықтан. Бұл ретте Абайлар орыстық, Еуропалық мәдениет жолын ұстанса, енді бірсыптырасы отаршыл орыстың, Еуропаның мәдениетіне сескене қарап, ұлттық, шығыстық дәстүрді жөн көрді. Адамзат өміріндегі діннің алатын айрықша орнына ерекше мән берген діни ағартушылық бағытта XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өзінің өміршендігін танытты. Міне, осы бағыттың аса көрнекті өкілдерінің бірі – Мәшіүр Жұсіп Көпееев болатын.

Мәшіүр Жұсіптің есімі кезінде елге танымал болғанымен де кеңестік дәуірде кейінгі ұрпаққа мұлдем белгісіз болып келді. Оған себеп оның шығармашылығындағы отансүйгіштік, озырылдық, әділетсіздік атауға қарсылық, діншілдік сарындар болатын. Неоколониализмнің бір түрі Советтік Социалистік

Республикалар Одағының саясатына (Қазақстан ССРО-ның кұрамдас бір республикасы болдығой), коммунистер басшылықта алған түбінде социализм жеңбей коймайды, коммунизм салтанат құрады дегенге саятын марксизм-ленинизм идеологиясының бағдарламасына Мәшіүр Жұсіптердің шығармашылық болмысы сай келе бермейтін. Сондыктан да Мәшіүр Жұсіп Көпееvtің шығармашылығы кеңестік кезеңде өзіне лайыкты бағасын алмақ түгілі, куғын көрді. Егеменді ел болған соң барып ақынның артына қалдырыған әдеби мұрасымен толық танысуға мүмкіндіктер туды; халқының рухани байлығына айтулы үлес қоскан тарихи тұлғалардың бірі екендігіне көзіміз жетті.

Орыс отаршылдығының өтінде калған Қазакстанның солтүстік қызырында (Баянауыл) өмірге келген Көпейдің баласы Жұсіп ерекше қабілетті, алғыр болып өседі. Жастайынан өлеңжырга үйір болып, ауыз әдебиетінін небір үлгілерін жатқа толғайды. Осылайша елге аты шықкан Жұсіп сегіз жасынан “Мәшіүр” атанады; он бес жастан бастап өзі өлең шығара бастайды. Сөйтіп ақындық жолға біржола түседі. Жасынан ескіше хат таныған Жұсіп ислам әлеміне үніледі; Шығыстың классикалық кисса-дастандарынан мол сусындайды; орыс әдебиетінен де хабардар болады. Сөйтіп әлемдік руханият теңізінен өзіне керектісін ала білген Жұсіп шығысшыл да, орысшыл да, батысшыл да, діншіл де болып кетпейді. XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басындағы кайшылығы мол казак қоғамының елдің ертеңін ойлаған халық ақыны болып қала береді. Жұсіптің шығармашылығында шығыстың да, орыстың да, исламның да іздері сайрап жататындығы сол себептерден болса керек.

Абайдан мүшел жастай кіші Жұсіптің өлеңдерінен ұлы ақынның поэзиясымен сарындаған екендігі айқын көрінеді. “Гибратнама” өлеңіндегі:

«... Откіздім қасірет пенен қаншалықты  
Қызықты, ойнап-құлер мезгілімді.»  
«Ішім от, сыртым жалын қайнағаным,  
Бұйырған жұтқан күмән, шайнағаным» –

деген жолдар Абайдың «Мен бір жұмбақ адаммын», ал

«Сөйлеуден тыйылмаған қызыл тілім?  
Өттің бе зарланумен, кайран күнім?!..»  
«Тілі жок көп мылқаулар тыныш жатыр ғой,  
Қызыл тіл сен басымды салдың дауға<sup>1</sup>» –

дегені «Сегізаяқты» еске түсіреді.

<sup>1</sup> Мәшіүр Жұсіп Көпееев. Тандамалы. 1 Т. –А., 1990, 24-6.

Ақын халқы үшін қайғырады:

«Зарлаймын ұзак тұні көрермін деп,  
Көре алмай ашылғанын қасіретім көп.»  
«Зарығып бұл қайғыдан қандар жұтып,  
Тарқамай бұл жалғаннан кеткен шерім<sup>1</sup>.».

Жүсіпті де халқының жағымсыз қылықтары күйіндіреді:

«Бір ұрттам қан ішесің, бір құс алсак,  
Сен акымак тамак үшін болған сарсан<sup>2</sup>.».

Абайдың «Мәз болады, болысың» іспеттес.

«Басшымыз ел пайдасын сөйлемейді»,  
«Данышпан өтпей сөзі шаңбаздардың,  
Барады босқа кетіп қысы-жазы».«Тендікті бір көре алмай ұлықтардан,  
Халайық қор болдың аяқ асты».«Тыңдайтын мұның сөзін құлақ қайда,  
Шұлғытып тұрғанымен қанша басты».«Жақсыны өзі көре алмаған,  
Біреуді күнде месе жүре алмаған».«Көп болды көз жасына қалған жандар,  
Зерлі шекпен, медалға жүртүн сатып».«Қылады әркім мазақ ғылымы жоктан,  
Надандар адасуда білімі жоктан» –

сияқты өлең жолдарынан да Абай дәстүрінің халықтық, ағартушылық сарыны айқын көрінеді. Халқына шын жаны ашыған ұлтжанды азамат қана абын шындықты тайсалмай айта алады. Бетін жыртып шындықты жырлау қашанда оңай болмаған. Шындыққа тайсалмай тұра қарап әділеттіліктің ак туын көтеріп ак сөйлеу ақынның ақынның ғана қолынан келген. Қазақтың өткен тарихындағы белгілі ақын-жыраулардың дені дерлік осы биіктен көріне алған. Абайды биіктетіп тұрған да осы қасиет. Мәшіүр де осы деңгейден көріне білді. Ел ішіндегі келенсіз құбылыстарды бет-жүзің бар демей сын тезіне алған Жүсіп кей кездерде:

«Бұл сөзімнің балы бар уы аралас,  
Ойлаймысың бір іске деп жарамас» –

деп те күйінеді. Халқының бойындағы жағымсыз мінездерді сынау, адамгершіліктің асыл қасиеттерін әспеттеу, халықты

<sup>1</sup> Сонда, 26, 27-беттер.

<sup>2</sup> Сонда, 27-бет.

бірлікке, ынтымакка шакыру, елдікке үндеу – ақын поэзиясының негізгі сарындары.

Көпееев поэзиясындағы негізгі тақырыптың бірі – қазак халқының ұлт азаттығы. Ақынның «Сарыарканың кімдікі екендігі» кітабының негізгі сарыны да осы.

Ақын:

«Есіктен кіре алмайтын қарашекпен,  
Орынды как жарып кеп алды төрден.  
Тұтқында сорлы казак қалмап па едің,  
Қол койып ак қағазға баскан мөрден<sup>1</sup>»

деп өкініш білдіреді. Жерінен айрылған қазак елдігінен де айрыла бастады.

«Адасып осы күнде казак қалды,  
Бұрынғы ата-баба рәсімінен.  
Жылқыға керек жерге егін салып,  
Жер жыртып, мұжық қалмас кәсібінен<sup>2</sup>» –

деген күйінішті жолдар көп жағдайды аңғартса керек.

«Айрылған біздің казак Есілінен,  
Өзінің болған емес кесірінен».  
«Айрылған біздің казак Нұрасынан,  
Атаның мекен салған мұрасынан».  
«Ертіс, Нұра, Есіл мен Еділ, Жайық,  
Мұсылман бұл бес өзен бойындағы» –

деген тармақтар патша өкіметінің отарлық саясатын ашық айыптаған зар заман әдебиетінің аса көрнекті өкілінің бірі Мұрат Мөнкеұлының отаршылар тартып алған қазак жерлерін жоктаған өлеңдерімен үндес жатыр. Ақын:

«Бұрынғы ықтиярсыз қолдан кеткен?  
Жер мен су кайтса еken өзімізге»<sup>3</sup> –

деп тілейді. Оның ойы –

«Тірідей тықпаса еken бізді көрге,  
Бас азат, сұрсөң дәурен жұртпен бірге.  
Өзіміз ие болып отырсақ деп,  
Күнелтіп үй орнымен тұрган жерге»<sup>4</sup>.

<sup>1</sup> Сонда, 56-бет.

<sup>2</sup> Мәшіүр Жұсіп Көпееев. Таңдамалы. 1 Т. –А., 1990, 56-бет.

<sup>3</sup> Сонда, 65-бет.

<sup>4</sup> Сонда, 66-бет.

Мәшүр Жұсіп патша өкіметінің ислам дінін қуғынға салуын<sup>1</sup> күйзеле жырлайды:

«Даярлап күнде алдыңнан қакпан-торын,  
Шыңырау ғып сексен құлаш қазған орын.  
Құранды кор, моланы бордай қылып,  
Тырысты сөндіруге ислам нұрын»<sup>1</sup>.

Ақынның түсінігінше, елдің елдігін сактайтын, кандай киындық болса да алып шығатын – дін. Сондыктан да:

«Құдайдың шын нансандар бірлігіне,  
Ерлердің күш косындар ерлігіне.  
Сарт демей, ногай демей, казақ демей,  
Тілек қыл дін мұсылман бірлігіне»<sup>2</sup>.  
«Азаттық бәріне бар, дінде болса» –

деп білген ақын:

«Шариғат низамменен катарласып,  
Бірдей бол келсе еken деп теңбе-теңге».  
«Шариғат ортамызда тұрса еken деп,  
Бір дүкен дін ислам бол құрса еken деп.  
Мешіт пен медресенің тексеруі,  
Құран кітап жөнімен болса еken деп» –

жырлайды. Дін – халықтың рухани сенімі. Сенімнен айрылған халықтың болашағы жок. Сондыктан да отаршылдар өзге ұлттарды бағындыру үшін оның болашакка деген сенімінен айырады. Бұл максатқа жетудің басты құралы – дінінен айыру. Патша өкіметінің де казактарды шоқындыру саясатын жүргізгені белгілі. Көпеев осындағы арам пиғылдарға қарсы шығып, елдің елдігін сактап қалу үшін діннен айрылмау қажеттігін әрдәйім еске салып отырған. Дінінді корлағаны халқынды корлағаны, өзінді қорлағаны деп білген ақын:

«Дінінді кім корласа – сол өш қасың,  
Корлықтан ақпап па еді көзден жасың» –

деп, ашына айтады. Дінінді де, өзінді де корлатпа өзгеге деп, адамдық, ұлттық, діни намысты корғауға шақырады.

Ақын сыртқы дінбұзарларға да қарсы солай аяусыз қүреседі.

<sup>1</sup> Сонда, 65-бет.

<sup>2</sup> Сонда.

Әсіресе өсек пен дүние аңдыған дүмше діндарлардың жағымсыз іс-әрекетерін ел алдында әшкере етеді:

«Өсекті қожа менен молда айтады,  
Басқадан олар тіпті онды айтады.  
Арасын ағайынның балдай тәтті,  
Дау-жанжал ұрыспенен молайтады» –

деп, дінді күнкөрістің кәсібіне айналдырғандарды халық алдында масқара қылады. Сөйтіп діннің адам өміріндегі аса маңызды қызметін жоғары бағалаған Мәшіүр Жұсіп оның тазалығы үшін күресе де білді. Ол жырларында халықты өз дінін қастерлеуге шакырды; қазак халқын өз дінінен айырғысы келген миссионерлерге карсы күресті; дінді жеке бастың камына пайдаланып жүрген пысықайлардың дін бұзарлық қылыктарын аяусыз әшкереледі.

М.Ж. Көпеев поэзиясындағы басты сарын – қазак халқының басына түскен ауыр халге ашыну, күйіну. Мәшіүр де Абай сияқты халықты іштей жегі құрттай жеп бара жаткан ел ішіндегі жағымсыз құбылыстарды, адамдардың жаман қылыктарын аяусыз сынайды, киындықтан шығар жолды іздейді. Абай да, Жұсіп те ол жолды білген. Ол – білім, ғылым, өнер арқылы тенденция жету. Мәшіүр Жұсіп те халқын білім алуға, өнер үйренуге шакырады:

«Білімге жабысайық, көңіл койып...»  
«Өнерге ғылым-білім болсаң жерік,  
Берілер ақыр бір күн басына ерік.»  
«Қылады әркім мазак ғылымы жоқтан,  
Надандар адасуда білімі жоқтан».  
«Ғылым біл? Жұмыс істе оған серік,  
Жарлыға мал – бұл, істе оған серік,  
Жарлыға мал – бұл, ғылым – болар көрік.  
Ғылым, білім өнерсіз, кадірсізді,  
Өлік біл, оны жан деп білме тірік.»  
«Балалар жалқау болмай оқы сабак,  
Ашылmas оқымасаң көз бен қабак».

Мұндай мысалдардың ақын өлеңінен көптеп келтіре беруге болады. Ал «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» атты өлең Мәшіүрдің туған халқын ел болуға үндең, айтып кеткен өситеті іспеттес. Ақын ертеңге үміт арту үшін адамдарды өнер-білімге, ғылымға, адаптация-бірлікке, халық қамын ойлауға, ел ертеңі үшін күреске шакырады. Бұл ретте халқының намысын жаниды.

«Қанатың бола тұрып күл болғанша,  
Онан да жаксы емес пе өліп қалсаң”<sup>1</sup>.

«Халық жұртыңың камы үшін қайрат қылып,  
Айдалып атылсаң да арман бар ма?»

деген жолдардан халыктың бакыты үшін қүресті бәрінен жоғары санаған, осы жолға ерлерді қүреске шакырған халқы шын сүйген отанышыл ақынның өр тұлғасын көреміз.

Кезінде Абай жырлаған толық адам, кемел адам қандай болуы керек деген сауал төңірегінде Мәшіүр Жүсіп те көп толғанып, жауап беруге тырысқан. Ақынның өлеңдерінде адам-заттық бойындағы ең асыл қасиеттер барынша әспеттеледі. Ақынның ұғымынша, нағыз адам – өз тағдырын халқының тағдырымен ұштастырған, халқына қызмет қылған, өмірін соған арнаған адам.

«Шын жаксы ішкі өнерін жасырмаса,  
Халқынан бойын биік асырмаса.  
Бәріне мұсылманның бауыр болып,  
Аулакқа бойын тартып қашырмаса»<sup>2</sup> –

деп жырлайтыны да сондыктан.

«Түгел адам болуға, талап қылсаң»<sup>3</sup> – нәпсінді тый, өзіндіғана емес, халқынды да ойла, жаксыдан үйрен, жаманнан жирен, білім-ғылым, өнер ізде деп өсiet айтады кейінгі үрпакка.

Қазакта «Шайтан азғырды» деген сөз бар. Осыған Мәшіүрдің берген түсіндірмесі назар аударапты.

«Әй, жігіттер! Естерінде болсын, шайтан... ол бір кесек нәрсе емес, бит пен бүрге сықылды бір жерінен денеге кіріп кететұғын. Өзінің дененде арам қанның жүрегіне барып құбылып, жүрегінді толқытып, өзінді бұзатұғын шайтан да сол... Қан бұзылса, кісі бұзылады. Шайтан деген нәрсе өзінің ойын. Ой иесі шайтан жүрегіне неше түрлі ой салады. Бәрін өзінің бұзылған қанының күші салады. Олай болса, көп ішіп көп жеумен екі арам көбейеді. Бірі карын кебежесінде, бірі кап... бірі күллі дененде аралайтұғын қан. Бұл екеуі бойында толық болып тұрғанда басқан-тұрған жұмысының бәрі өзіңе у болғаннан басқа пайдасы жок. Құнанбаев Ыбырай марқұм айтты ғой:

<sup>1</sup> Сонда.

<sup>2</sup> Сонда, 45-бет.

<sup>3</sup> Сонда, 94-бет.

«Өмір дүниө дегенің ағып жатқан су екен,  
Жұрген-тұрған жұмысың ойлап тұрсан у екен”, –

деп. Және бір сөзі:

– Адам бір бок көтерген боктың қабы,  
Өлсөң сасық боласың боктан тағы.  
Менімен сен тен бе деп мактанаңың,  
Білімсіздік белгісі ол баяғы, –

дейді екен. Соңғы әулиелер адамды адам санына кіргізбей жұрген карындағы бір қап... екенін білді де ішпек-жемекті аз қылды. Ол екеуі азайған соң, ұйқы бөлінді, сергек болды. Сонан соң күлкі кем болды. Денеде арам кан азайды. Арам кан азайған соң жүректі барып ұйытқытып бұзатын дәнeme табылмады... күш, күт алып, періште сипатта болды...»

Мәшүр бұл жерде тіршілікте адамды бұзатын негізгі әрекеттерді барынша бейнелі түрде колға ұстакандай, айтып отыр. Діншіл Мәшүр Жұсіп идеалистік тұрғыдан дейсіз бе, әлде жан-жакты білімдар Көпеев материалистік тұрғыдан дейсіз бе, қалай ойласаңыз да өз еркініз, бір нәрсе анық, ғұлама ақын адам бұзылуының қайнар көзін, негізгі себептерін дәл тауып айтып отыр. Эйтпесе, Жұсіп ақын Мәшүр Жұсіп атанарап маеді. Не көп, қазакта ақын көп. Олардың ішінде Мәшүр Жұсіптің атын аспандатып тұрған ақын шығармашылығының осындай ойға кемел терең ағысты тұстары болса керек. Бұл ақынның сопылық әдебиеттің негізін салған Қожа Ахмет Иассаудің әдеби дәстүрін XX ғасырдағы казак әдебиетіндегі жалғастырушылардың бірі болғандығын да айта кеткен лазым.

Ақын осы мәселеге дүркін-дүркін соғып отырған. «Адам қалай қылғанда адам болады?» – деген сұрак койып, оған төмендегіше жауап береді: «Ұшқан құстан, жүгірген аңнан ғибрат алып, солардың мінезімен мінезденбесе, аш арыстан жүректі болып келсе, досы көп болып, дұспаны жок адамнан осы екеуінің жүрегі, білегі табылады» – деп бастап, одан әрі: «Жігіт адамның қырағылығы бүркіттей болсын. Зеректігі байғұздай болсын. Жүрісі маймылдай болсын. Он екі қырлы, бір сырлы, отыз аякты болсын... орнына карай мінез қылсын. Сонда адам болып, адам катарына кіреді» (Сонда, 99-бет) – деген ой түйіндерін жасайды. Төрт түлік мал күнкөрісі болған казаққа сол өзі күнде көріп жүрген нәрселерінің өзінен ғибрат алуға шақырады. Қарға мен сұнкардың, мысық пен құмырсканың, түйе мен койдың, жапалак пен байғұздың тіршіліктеріне ой жіберіп карап, солардан ғибрат алуға үндейді. «Ұшқан құсты торға түсіретүғын, жүгірген

анды орға түсіретүғын тамақ екен. Жұтқын тамағына ие болған адам торға да түспейді, орға да түспейді» – деп тұжырады өз ойларын.

М.Ж.Көпеев сөз өнерін аса кадірлеген. Бірнеше өлеңдерінде сөз күдіретін жырға коскан. Сөзден өткір нәрсе жок:

«Тіл деген болат метін өткір келген,  
Дал-дал қып қызыл кия тасты тілген»<sup>1</sup>

Сөзден жұмсак, одан нәзік тағы да еш нәрсе жок:

«Назым сөз бақшада өскен бау ағаштай,  
Жасарып жапырактары сүмбіл шаштай.  
Аузынан кей шанбаздың шыққан сөздер,  
Тойғызар ішпей-жемей ләззатты астай.»<sup>2</sup>

Ақынның ойынша, «адамның жай жүргенде бәрі бірдей». Айырмасы тәк сөзінде ғана. Кей ақылды адамға қыдыр дарып, оның аузынан шыққан сөз гаунарға айналады. Сөз – «ұшсыз ұзын, тұпсіз терен, таусылмас канша шашсан» да. Зерек адамдар ғана сөзден сөздің паркын айыра алады. Сен де сол гаунар сөзден өзіне керегін алып, өмірлік қажетіңе жаратада біл дейді ақын.

Ақын тағы бірде сөз өнеріне арнайы анықтама жазған:  
«– Сөз өзі не нәрсе?

Сөз – адамның өнері. Өнер алды – қызыл тіл деген. Адамның ғазизлігі... сөзбен болады. Хайуан сөз өнері болмағаннан хайуан болды. Көңіл бір жатқан кеннің дариясы. Содан шыққан сөз жаунар. Ауыздан шыққан сөз – көмір. Тіл – бір болаттан жасалған өткір канжар. Оның майдалап, уактап жасап шығарып жатканының бәрі – інжу. Көп адамның бір жерге бас косканы – бау-бақша жасалған сиякты. Соның ішінде сөз жеміс сықылды. Бұдүние бір қараңғылықтай нәрсе. Оны жанды қылатүғын ақиқат сөз. Сөз өліп қалған көңілді тірілтеді. Сөздің ізетінен адамның жаны рахат алар. Сөз жүгінің самалы хазірет жәбірәйіл ғалайсалам болды. Сөз осал жүк екен. Тіс тізіліп орнында тұрғанда қандай? Жерге шашылса не құн қалады? Назымнан келген сөз орнында тұрған тіс сықылды. Қара сөз соның шашылып жерде жатканы сықылды. Назым – әртүрлі жеміс шығып тұрған бау

<sup>1</sup> Сонда 148-бет.

<sup>2</sup> Сонда.

ағашы. Қара сөз көнілдің бау-бакшасында ұлпілдеп тұрады. Жерге шашылды – қара сөз болды. Меруерт, маржан, інжу әбдіреде жатты – кім көрді. Тізілсе, жұрт көзіне түсетұғын болды. Қара сөз солардың әбдіреде жатканы» (Сонда, 98-бет). Асыл сөздің керемет – қасиеттері барынша карапайым, түсінікті бейнелі түсіндірілген.

Мәшіүр Жұсіп жалпы сөздің адам өміріндегі аса маңызды қызметін жоғары бағалаған. Адам тілінің адам өміріндегі негізгі мәселе екендігін төмендегіше түсіндіреді: «Жан бір асыранды құс. Дүние бір қапас. От, су бермесе, қапаста тұрып аштан өліп қалады. Оған корек беру керек. Адам баласы қайдан тамактан семіреді, адам құлактан семіреді. Мұнан мағлұм болды, жақсы сөзге жан семіреді еken. Жанның керегі құлак сүйсінерлік сөз еken. Адам тіршілігінде, денсаулығында құлак сүйсінерлік сөз естуге талап қылышп, тырмысу керек». Адамның хайуаннан басты айырмашылығы осы сөзде, яғни ойлаудың, сөйлеудің нәтижесінде пайда болған екінші сигнал жүйесінде. Ғұлама Мәшіүр Жұсіп осы ғылыми мәселені нақтылы да ұғыныкты түрде карапайым тілмен түсіндіре алған.

Мәшіүр Жұсіптің мұндай жазбалары Абайдың қара сөздері іспеттес. Адам өмірінде кездескен түрлі құбылыстарды түсіндіргенде оның ғылыми негіздерге сүйеніп, қалың қырманға жақын карапайым фактілерді келтіре отырып жазатындығы байкалады. Осындай қасиеттер оның өлеңдерінен де көрінеді. Көптеген өлеңдер, поэмалар жазған ақынның поэзиясы көпшіліктің ұғынуына оңай карапайымдылығымен ерекшеленеді. Ақын өлеңнің сыртқы формасынан гөрі ішкі мағынасына, айттар ойна көбірек көніл бөлген сияқты. Ұлы Абай «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» десе, Мәшіүр Жұсіп «Жалғанда мен өлеңді қылдым ермек» дейді. Абай өлеңді өнер деп қараса, Жұсіп оған қатынас құралы, ойды, идеяны көпшілікке ұғындыру жолы деп қарап, сауаты төмендеу халқының түсінігіне ыңғайлай берген сияқты. Халқының каріп халін жүрегімен сезініп, одан шығар жолды діни-ағартушылық бағыттан көрген ақын шығармашылығының жалпы дидактикалық сипатта болғанын да айта кеткен жөн.

Мәшіүр Жұсіп Көпееев казак халқының өткен кездерде жасаған рухани казынасын жинактап, келер ұрпаққа жеткізуде тарихи еңбек жасады. Ол ел ауыз әдебиеті ұлгілерін, билер сөздерін, түрлі аңыздарды, ақын-жыраулардың өлең-жырларын тарихи деректерді жазып алышп, баға жетпес асыл қазына калдырыды. Оны іштей жіктейтін болсак, төрт түлік туралы жырлар,

тұрмыс-салт өлеңдері, жоктау, аманат, бата, қара өлең, өтірік өлең, такпак, билер сөзі, аңыздар, ертегілер, айтыстар, батырлар жыры, акын-жыраулар мұрасы, т.б. деп түрлерге бөлуге болады. Біздің бүгінгі ауыз әдебиетінің үлгілері деп мектеп, жоғары оку орындарының окулықтарына енгізіп жүргендеріміздің дені осы Көпеевтің «Месінен» алынғандығын біразымыз біліп, енді біреулеріміз білмеуіміз де мүмкін. Ал ауыз әдебиетін, әдеби мұраны зерттеушілеріміздің бір де бірі Мәшіүр Жұсіп жинаған әдеби-фольклорлық мұраға сокпай өте алмайды десек артық болmas.

Мәшіүр әдеби мұраларды жазып алғанда аса мұқияттылық таныткан. Ол «сияның құрамына мышьякты косып, зауытпен жазамын. Сонда менің қолтаңбамнан ешбір жазу көрінбей қалмайды және өшпейді» – дейді. Жазып алған дүниелеріне түсініктер беріп отырған. Мысалы «Ұлбике мен Құдері кожа айтысына» «Қайымдасу кімнен басталды» деген алғысөз берілген. Онан «Қайым деп екі ақынның айтыскан өлеңін айтады еken. Сонда қайым өлеңінің ілкі басы Құдері кожа мен Ұлбике қыз айтыскан» – деген мәтінді окимыз. Сол сиякты «Ұлбике мен Жанкелдің айтысканы», «Қыз бен жігіт», «Ақбала мен Боздак», «Шөже мен Балта» айтыстарына да түсініктер беріп отырған.

Ал жинаушының ертегі деп ұсынған «Алтынбас-құмісаяқ ғашық болған» өлеңмен жазылған кішігірім дастан іспеттес. «Еңсегей бойлы ер Есім ертегісін» тарихи аңыз деген дұрыс. Ақынның «Сайын батыр» атты көлемді батырлық жырын Мәшіүрдің өзі жырлаған нұскасы деп караған жөн.

Ақынның екі томдығының соңғысына Жанкелді, Мәделі қожа, Шернияз, Бұхар жырау өлеңдері кіріпті. Әр акынға, өлеңдерге қыскаша аныктамалар беріліп отырған. Бұхар жырау туралы «Орта жұз арғындағы төртуыл Қаржас Алтын торыдан шыққан Қалқаман батырдың баласы Бұхар жырау атанған қария 93 жасында Абылай ханның алдында жыр толғаған. Өз заманындағы жандар бұл кісіні көмекей әулие деседі еken. Бір сөз білмейді, тек сөйлесе көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды еken. Бұл Бұхар-екең Абылай ханға айткан еken: «Сенен бұрын жеті ханды жебеледім, Еңсегей бойлы Ер Есім ханға да жолдас болдым. Сен оның түстігіне де жарамайсын» – деп. Абылай хан жорыққа атанбақшы болса, Бұхар-екеңді алдырып, жүлдзызың оң ба деп, айдың, күннің сәтін сұрайды еken. Сәде көріп беріңіз дейді еken. Сары бура келіп, сенің туындың түбінде тұрып, пәлен жакқа карай шабынды десек, сол айткан жағыңа

бет алып аттанса, шауып жаншып алып келеді екен. Жок Сары бура келгеннен туыңың түбінде шөгіп мойнын жерге жабыстырып, жатып алды десе аттанбайды екен» – деген жолдарды окимыз. Қысқа ғана мәтінде Абылайхан туралы каншама деректер берілген десеңізші.

М.Ж.Көпееvtің өлеңдері алғаш рет 1907 жылы Қазан каласында Құсайыновтар баспахранасынан «Хал ахуал», «Тірлікте көп жасағандыктан, көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деген аттармен үш кітабы бірдей жарық көрді. Бірак та кітап патша үкіметі тарапынан халыққа зиянды деп табылып, елге таратылмайды. Авторы қуғынға ұшырайды. Кітапты басып шығарғаны үшін Құсайыновтардың баспахранасына 12 мың сом айып салынады. Сол қудалау кешегі кеңестік кезеңің өнбойында жалғасты. Совет Өкіметі жылдарында Мәшіүр Жүсіптің өлеңдері кітап болып басылмақ түгілі, оның атының өзі аталмайтын, атала қалғанның өзінде халыққа зиянды құбыжық ретінде көрсетілді.

Соғыска дейінгі дәуірде М.Ж.Көпееvtің есімі мұлдем аталмайтын. Соғыстан кейін де осы кебінді киді. 40-50 жылдарда Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті «буржуазияшыл ұлтшылдықты» әшкерелеуге бағытталған бірнеше қаулы қабылдағаны белгілі. Солардың денінде дерлік М.Ж.Көпееvtің есімі кертартпа, ескішіл, діншіл ақын ретінде сыналып отырды. Мәшіүр Жүсіптің реакцияшылдығын «әшкерелеуге» сол кездегі баспасөз айтарлыктай «үлес косты». Солардың бірі «Социалистік Қазақстан» газетінде «Көпееев – ұлтшыл, діншіл ақын» деген мақала да жарияланды.

Мына қызықты қараңыз: осы мақалаға арнап Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті 1952 жылдың 10-шы желтоқсанында үш пункттен тұратын арнайы қаулы қабылдапты. Оның біріншісінде Мәшіүр Жүсіптің әдеби шығармашылығы буржуазиялық ұлтшылдық, діни мистицизм рухында болғанына қарамастан әлі күнге дейін жөнді сыналмай келе жатқандығын ескере отырып, Қазак ССР Ғылым Академиясының президенті Қонаев жолдаска Академия ғылыми қызметкерлерінің күшімен Жүсіп Көпееvtің әдеби қызметінің реакцияшыл бағытын әшкерелейтін материалдар дайындалап, оны республикалық баспасөз бетінде жариялау тапсырылсын делінген.

Екінші пунктінде Павлодар облыстық партия комитетіне дінге карсы насиҳатты қүшетту, оның ішінде Мәшіүр Жүсіптің әдеби көзқарасының реакцияшыл, діни болғандығын, ал Көпееvtің моласын оның баласы Фазыл мен жергілікті молдалар діни

мақсатқа пайдалаңып жүргендігін жергілікті халық арасына кеңінен тұсіндіру міндеттелген.

Соңғы үшінші пунктте Павлодар облыстық партия комитетінің Фазыл Жұсіповтің мұғалімдік қызметтен босатылғаны жайлы хабарламасы ескерілсін деген.

Бұл, фактілерден Мәшүр Жұсіптің патша өкіметі кезінде де, коммунизмді орната жаздаған социализм тұсында да қуғын көріп, бағы ашылмағандығы көрінеді. Қазақ халқы егеменді ел болған соң барып Мәшүр Жұсіптің жұлдызы жарқырай жанды. Елім деп еңіреп өткен есіл ерді туған халқы қастерлеп, аспанға көтеруде. Өйткені әр адамның өмірдегі орны халқына еткен қызметімен өлшенеді. Халқы үшін қасірет шегіп, қайғы жұта жүріп, ұлттың рухани азығы сөз маржанын тізіп, інжугаунарын теріп, болашақ ұрпақтарға мұра етіп қалдырған Мәшүр Жұсіптің есімі қазақ деген халық өмір сүріп тұрған кезде өшпейді. Артына мол асыл қазына қалдырған әулие ақынның әдеби мұрасын зерттеп, оны күтіп отырған оқырмандарға жеткізу бүгінгі Мәшүр Жұсіп танушылардыңabyroyl да, ардақты міндеттерінің негізгісі болып қала бермек.





## АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАН ҚАЙРАН АХАН

XX ғасырдың басында казак даласындағы әлеуметтік-саяси жағдай күрделене түсті. Бір жағынан патшалы Ресейдің отаршылдық саясаты күшійсе, екінші жағынан, жергілікті ұлықтардың озбырлығы да отка май құя тұскендей болды. Осы кезде азаттықты, әділеттілікті аңсаған бір топ казак оқығандары шықты. А.Байтұрсынов Э.Бекейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев та осы ұлт-азаттық қозғалыстың көш басшылары болып, халқын бақытты өмірге жеткізу үшін құрес жолына бастады.

Осы үркердеги топтың ішінде Ахмет Байтұрсыновтың азаттық жолындағы құресте атқарған қызметі айрықша. Оның бүкіл саналы ғұмыры туған халқының бақытты болашағы үшін қызмет етуге арналған. Жастайынан әділетсіздікті көп көріп өскен Ахметтің ой-санасы ерте оянады. Ол көрген өмірдің ауыртпалықтары, патша өкіметінің отаршылдық қысымы жас жігіттің бойындағы халықтық касиеттерді қалыптастырады. Патша ұлықтарына қарсы шыкканы үшін әкесі мен ағасының сотталып кетуі, кейіннен зорлық-зомбылықты басынан көп өткеруі оны азаттық жолындағы құреске түсіреді. Бұл туралы ол бір өлеңінде “октип, он үшімде ой тұсіріп, бітпеген жүрегімде бар бір жарам” (А.Байтұрсынов. Шығармалары. А., 1989, 30-бет) – деп, он үш жасынан бастап осы жолға тұскенін айтады.

А.Байтұрсынов азаттық ойларын халқына жеткізу үшін “Қазак” газетін шығарды. Осы газеттің бетінде қазак халқының мұң-мұқтажы, арман-тілегі жайлы көптеген мақалалары жарық көрді. “Қазак” газеті халқымыздың саяси оянуында тарихи рөл аткарды.

А.Байтұрсынов, Э.Бекейханов, М.Дулатовтармен бірге казак халқын тәуелсіздік жолындағы саяси құреске бастаған Алашорда қозғалысын ұйымдастыруды. Совет өкіметі орнаған соң, халық агарту саласында енбек етті. Қазак тілінің тұңғыш алфавитін жасады; ана тілінен оқулықтар жазды, сөйтіп ұлттық тіл білімінің негізін қалады.

Ахметтің жазушылық қызметі мысал жазудан басталды. Оның И.А.Крыловтан аударған мысалдары 1909 жылы “Қырық

мысал” деген атпен басылып шыкты. Ақын мысал тілімен патша ұлықтарының отаршыл-канашылық саясатын, ел ішіндегі жағымсыз қылыштарды, әділетсіздіктерді аяусыз сынады.

Ақынның өз өлеңдері кірген “Маса” кітабы 1911 жылы жарық көрді. Ахмет өз ойларын “Қырық мысалда” түспалдап жеткізсе, “Масада” ашық айтады. Қазақ халқының коғамдық дамуда артта қалғандығын көріп қынжылады. Ел ішінде орын алған келенсіз жағдайды сол күйінде суреттейді. Халқының ұйықтап жатқан қалпын көріп, оятуға тырысады. Бейғам жатқан елін маса болып, шағып ояткысы келеді. Кітаптың “Маса” аталуы да сондыктан.

“Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,  
Сахара көлге конып салқындаған.  
Бір өртке қаудан шықкан душар болып,  
Не қалды тәнімізде шарпылмаған” (сонда, 24-бет) –

деп басталатын “Қазақ салты” өлеңінде бас көтерер алаш азаттарының бәрі қамалып жатса да (“Кім қалды таразыға тартылмаған”) әркімнің өз бас қамын қуып, санасыздықтан халқының ұйқыда қалып отырғанына (“Бәрінен тыныш ұйықтап жаткандар көп”) налиды.

“Алалық алты бақан дерт” мендеген халықтың басынан  
“Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр,  
Тұнерген төбемізден бұлт арылмай” (сонда, 25-бет) –

деп, күйінеді. Осындаған күйге жеткізген ел ішіндегі келенсіз құбылыстарды Абай сияқты Ахан да аяусыз сынайды. Алауыздық тамыр жайып, бірлігі кеткен елді:

“Ұйқышыл жұртты,  
Тұксиген мұртты  
Обыр обып, сорып тұр.  
Тұн етіп күнін,  
Көрсетпей мінін,  
Оятқызбай корып тұр,  
Обыр болса, қамкорың,  
Қайнағаны сол сорың!” –

деп күйінеді.

“Қазағым, елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып,

Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш көзінді оянып,  
Қанған жоқ па әлі үйкың,  
Үйыктайтын бар не сиқың?!” –

деп жырлайды ақын. Халқының аянышты халі ақын жүрегін сымбаратады. Осыларға күйіне отырып, ел-жұрттын үйкыдан оятуға тырысады. Бұл өлеңнің сыртқы формасы Абайдың “Сегіз аяғына” ұқсайды. Халқының қамын көп ойладап, “Қалың елім, казағым, қайран жұрттым” деп, жырлап өткен ұлы Абайдың ақындық жолын Ахмет жалғастырып тұрғандай. Ахмет те Абайша толғанып, Абайша жырлайды.

Қазак даласының әлеуметтік жай-күйі “Қазак салты”, “Қазак қалпы”, “Жиган-терген” сиякты өлеңдерінде шынайы суреттелген. Ал бесік жыры үлгісімен жазылған “Жұбату” өлеңі:

“Қайран еркін  
Замандарың!  
Тарлыққа жок  
Амалдарың!  
Еркін дала,  
Еркін кайда?  
Еркіндегі  
Көркін кайда?” (сонда, 37-бет) –

деген жолдармен басталған. Алты ауыз алауыздықтың салдарынан өзге елге бодан болған елін:

“Малың алдау,  
Талауда тұр.  
Жаның арбау,  
Қамауда тұр.  
Аяғынды тұсау  
Қысты.  
Жактарынды  
Құрсау қысты” –

күйінде көреді. Ұлықтарың “біз тұрғанда кам жеме, үйыктай бер” деп, “әлдилейді”, ондай “әлдиге” сеніп қалма деп, халқын қырағылыққа үгіттейді.

А.Байтұрсынов казак елін теңізде қалқып жүрген қалтылдақ кайыққа теңейді. Ал өмір атты үлкен мұхитта калт-құлт еткен кайықпен межелі жерінде жете алмасың тағы да белгілі. Алға

көйған үлкен мәксаттарға жету үшін соған лайық үлкен істер керек. Үлкен істерді жүзеге асыру онай шаруа емес; ол бірдің колынан емес, көптің колынан, жайғана емес, күреспен келетіні тағы бар. Күрес жолы – қын жол. Женіске жету үшін күресе білу керек. Ол түрмеде жатып жазған “Анама хат” өлеңіндегі анасын жұбата келіп:

“Тайпалған талай жорға, талай тұлпар,  
Тағдырдың кез болып тұр кермесіне.  
Солардан жаным-тәнім ардакты емес,  
Орынсыз күйзелейін мен несіне?!” –

деп, өзінің азаттық үшін күре жолына саналы түрде түскендігін жан анына ашық айтады. Ақын тағы бірде:

“Қашан жанып шамшырак,  
Сәуле беріп жарқырап,  
Болар жарық төрт тарап?” –

деп, халқының азат болған бақытты шағын көруді аңсайды. Ғұмырын елінің ертеңіне арнаған. А.Байтұрсынов халықтың тенденция жету жолы деп, әлеуметтік оянуға, ол үшін сауатты болып өнер-білімді үйренуге шакырды. “Адамдық диканшысы”, “Ғылым”, т.б. өлеңдерінде жастарды білім алуға, ғылым үйренуге үндейді; халқын бақытты болашақ үшін күреске шакырады.

“Мен бұқтым – жаттым,  
Сен бұқтың – жаттың,  
Кім істемек қызмет?!” –

деп, жастарды белсенділікке кайрады. Бақытты болашақты олардың өз колдарымен құру керек екендігі, ол үшін тізгінді колға алу қажеттігі айтылған.

“Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,  
Көңілін көгертуге күл халықтың” –

деп, оның өзі жырлағанында, ақын барлық ғұмырын халқының ұлттық сана-сезімінің оянуына, азаттық жолындағы күресіне арнады. Эрбір азаматтың ұлт алдындағы бағасы оның өз халқына қаншалықты қызмет еткендігімен өлшенеді десек, Ахметтің де елінің ертеңіне еткен өлшеусіз еңбегін көреміз. Ахаң халқының жарқын болашағына кәміл сенген. Сондыктан да,

“Тән көмілер, көпке еткен ісім,  
Ойлайтындар мен емес – бір күнгісін.  
Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын,  
Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін”, –

деп жырлаған. Бір кездерде алаштың ардагер азаматы А.Байтұрсынов арман қылып, жырға коскан, сол жолда күресіп, мерт болған азаматтықтың асыл идеялары бұл күндері елімізде салтанат құруда.

А.Байтұрсынов калдырған әдеби мұрасының бір саласы – оның орыс әдебиетінен жасаған көркем аудармалары. Қазак әдебиетіндегі тәржіме тәжірибесі XIX ғасырға дейін шығыстық нәзира үлгісінде болып келсе, орыс мәдениетінің сахараға денедеп кіре бастауымен байланысты енді шын мәніндегі, әдеби аудармалар жасалынды. Қазак оқырмандары И.А.Крыловтың, К.Д.Ушинскийдің, А.С.Пушкинің, М.Ю.Лермонтовтың, т.б. шығармаларымен ана тілінде таныса бастады. Сөйтіп орыс әдебиеті Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ф.Қарашев, М.Сералин аудармалары арқылы қазак оқырмандарына жол тартты. Осы топтың ішінде 1909 жылы Петербургте “Қырық мысал” деген атпен И.А.Крылов мысалдарын тәржімалап кітап шығарған А.Байтұрсыновтың орны ерекше.

А.Байтұрсынов И.А.Крыловтың мысалдарының ішінен таңдал, талғап аударған. Қазак даласында да жиі кездесетін келенсіз типтік құбылыстарды сынаған, оқырманға әсер ететін, ұғымына түсінікті мысалдарды ірікте алған. Сөйтіп, Ыбырай, Абай салып кеткен аудармашылық дәстүрді ары қарай дамыта түсті. Әдеби аударманың еркін, балама, дәл түрлері бар десек, А.Байтұрсыновтың тәржімалары көбіне балама ретінде келеді. Ахан Крылов мысалдары әдеби тұрғыдан дәл беруді емес, казак оқырманына ұғынықты болу жағын көбірек мақсаттұтқан сиякты.

И.А.Крыловтың қырық мысалынан басқа Ахан орыс әдебиетінен А.С.Пушкинің “Балықшы мен балық”, “Алтын әтеш”, “Ат”, “Данышпан “Аликтің ажалы” атты шығармаларын казакшалаған. Сондай-ак М.Ю.Лермонтовтың “Мцыри” поэмасынан үзінділер, С.И.Надсоннон, Жадовскаяядан, Вальтерден, араб әдебиетінен бір-бір өлең аударған. Бұлардың ішінде Асан қайғынің делініп жүрген “Таза міңсіз асыл тас су түбінде жатады” деген екі шумак өлең Ахметтің “Қырық мысалында “Міңсіз таза асыл тас су түбінде жатады” деген азғана өзгешелікпен Жадовскаяядан аударма деп берілгендейгін де айта кеткен жөн. А.Байтұрсынов шығарып тұрған “Қазак газеті”

ұлттық баспасөздің дамуында тарихи рөл атқарды. 1913 жылдан 1918 жылға дейін шығып тұрған осы газеттің бетінде казак қауымының алдында тұрған бірде бір саяси-әлеуметтік мәдени-әдеби мәселе көтерілмей калған жоқ десе де болады. Қазак қоғамының болашағы, саяси құрылымы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, ғылымы білімі, т.б. сиякты өмірлік маңызы бар өзекті мәселелер турасында газет білдірген пікірлер күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Газет бетінде ұлттық мәні бар мәселелердің дер кезінде көтеріліп, қоғамдық пікір туғызу арқылы әлеуметтік күшке айналып отыруы А.Байтұрсыновтың жалпықа-зактық деңгейдегі қоғам кайраткері дәрежесіне дейін көтерді.

А.Байтұрсыновтың осы газет бетінде айткан кейбір пікірлеріне ой жіберейік: "...әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни казактың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, сұық қолдан тыныш боларға керек... Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оку керек... Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оку, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы" (Бастауыш мектеп. "Қазак", 1914, №61); "Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім кандай болса, мектебі қәм сондай болмақшы..." (Мектеп керектері, "Қазак", 1914, №62); "Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстықта, билікте, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше тұрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі" (Қазақша оку жайынан. "Қазак", 1913, №14"); "Жастардың оку-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді... Ай мен күндей, әмбеге бірдей білім – көп ортасындағы мұлік, онан сыбаға ала алғандар алып жатыр, ала алмағандар құр калып жатыр... Жаксы мұғалім мектепке жан кіргізеді" (Оқыту жайынан "Қазак", 1913, №63) Күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, халық келешегін ойлаған әрбір азаматтың есінде жүрер өміршөң пікірлер емес пе?!

А.Байтұрсыновтың "Қалам кайраткерлерінің жайынан" атты макаласынан ұлтын сүйген азаматтың ұлтшылдық рухы есіп тұр. "Құл болған халықтан туып, құлдықтың корлық, зорлығын көріп отырып, казак қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес: кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құткаруды максат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. Олай болмаған болмаса, онда табиғат заңынан тыскары, адамнан шошқа, шошқадан күшік

туған сиякты болып шығады” (Қараңыз: Ұлттың ұлы тұлғасы. –А., 2001. 75-76 беттер) – деген жолдарға түсініктеме беріп жатудың өзі артық. Автор қазак қаламгерлерін ұлттың суюге, казактың сөзін каймықпай сөйлеуге шақырады. Ахаңың ойынша “Мәдениеті жоғары халық мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдан анық, күндей жарық ақиқат”. Сондыктан да қаламгерлер ұлт мәдениетін көтеруге барынша ат салысуы міндетті. “Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады” (сонда) дегенді ескертеді. “Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі оку мен әдебиетте” деп білген А.Байтұрсынов коғам өміріндегі әдебиеттің алатын орнына айрықша мән берген.

А.Байтұрсыновтың әдебиет жайлар айткан пікірлерінің ішінде Абай туралы жазылған “Қазактың бас ақыны” атты макаласының тарихи маңызы бар. Абай хақында Ахметке дейін де бірліжарымды макалалар, жазылып, оның ақындығын жоғары бағалағандығы белгілі. Бірақ оның қазактың ұлы ақыны екендігін алғаш айтып, дәлелдеп жазған А.Байтұрсынов болды. Макала бірден “Қазактың бас ақыны – Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда казак баласында біз білетін ақын болған жок” (“Қазак”. 1913, 43) – деген жолдармен басталған да әрі қарай осы ойын дәйектей түседі: “Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың” (сонда). Абайдың өлеңдерін оқығанда түсінуге ауырлау соғатының “ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан” болған кемшілік емес, окушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік” деп түсіндіреді. “Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, касиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, касиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халықка тіреліп, окушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады”.

“Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бак” – санайды. “Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағиналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған” (сонда) “Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген” деп, дәлелге “Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы” атты өлеңінің мәтінін түгел келтіріп, оның сөз өнеріне коятын биік талабын, терең талғамын танытады. Абай поэзиясының озық ұлгілерінің катарында “Аттың сыны” өлеңінің өзіндік сипаты сөз болған.

Қазақ коғамындағы “Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны,

білгені көрінеді”, сондыктан да “Абайды казак баласы тегіс танып, тегіс білу керек” (сонда) дей келіп, ақынның өлеңдерін ел арасына тарату, насхаттау міндеттерін алға кояды.

“Қазак” газетінде әдебиетке қатысты бірсыпыра макалалар жарияланды. Солардың кейбірі бүркеншік аттармен жарық көрген. “Арысұлы” атымен шықкан “Роман не нэрсе?” (“Қазак”, 1914, 48, 31 қантар) атты макаланың авторы туралы түрліше пікір бар. Осы газет бетінде “Роман бәйгесі” (“Қазак”, 1915, 120, 18 көкек) атты макала жазған Әлихан Бекейхановтікі болуы да ғажап емес. “Қазактың бас ақыны” туралы қалам тербеген, көркем әдебиетті дамыту үшін роман бәйгесін ұйымдастырған “Қазак” газетінің редакторы өз атынан жариялай беруді артықтау көріп, кейбір макалаларын бүркеншік атпен жариялауы да мүмкін. Оның үстіне А.Байтұрсыновтың болашакта әдебиеттің теориясына арналған “Әдебиет танытқыштың” (1926) авторы боландығын да есте ұстасақ, осы макала шынында да Ахметтікі емес пе екен деген ой да жөн сияқты көрінеді.

Сондай авторы таласты макаланың бірі “Н” мырзаның атымен шықкан “Әдебиетімізге көз салу” (“Қазак”, 1916, 64). “Н” Нәзір Төрекұлов атының бас әрпі деген пікір бар. Солай да болуы мүмкін. Сонымен бұл макалалар А.Байтұрсыновтың редакторлығымен шығып тұрған “Қазак” газетінде басылғандықтан да қалай болғанда да Ахметтің катысы барлығын айтумен шектелсек дейміз.

1926 жылдың жарық көрген “Әдебиет танытқыш” арқылы А.Байтұрсынов шын мәніндегі қазак әдебиеттану ғылыминың негізін ұлттық топыракка берік қалады.

Жалпы қазак филологиясының атасы атанған Аханың бұл еңбегі негізінен әдебиеттің кисынына (теориясына) арналғанымен де онда қазак әдебиетінің тарихына, ауыз әдебиетіне, сынына, тіліне қатысты аса құнды деректер бар. “Әдебиет танытқышта” А.Байтұрсынов жан-жакты білімдар, әмбебап филолог ретінде көрінді.

Ахмет алдымен “өнер” дегеніміздің өзі не екендігін аныктап алады. “Табиғат ісінен шықкан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниесі болады, адам ісінен шықкан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады” (А.Байтұрсынов шығармалары. А., 1989, 137-бет) – дей келіп, соңғысының барлығын өнер туындыларына жатқызады. Өнер атаулыны екіге бөледі: “тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер – көркемшілік үшін – көрнек өнері болады” (сонда). Аханың бұл жерде “тірнек өнері” деп отырғаны – қазіргі айтып жүрген “колданбалы өнер” (прикладное искусство).